

**"Білім беру қызметіне қойылатын лицензиялау ережесі мен оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1426 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 195 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.02.2013 № 195 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Білім беру қызметіне қойылатын лицензиялау ережесі мен оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 18, 202-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын б е к і т у т у р а л ы " ;

2) 1-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарында:

1, 5 және 13-тармақтар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 31 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*